



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Сіздерге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Заң факультетімен жақынырақ танысуға мүмкіндік беретін материалдарды ұсынамыз.

1934 жыды ірге тасы қаланған Заң факультеті көптеген жаңару мен өзгерістерді басынан өткерді. Қазіргі таңда аталмыш факультет «Құқықтану», «Кеден ісі» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары бойынша мамандарды дайындайды.

Студенттерді даярлау үдерісі орта білім және жоғары білім негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Заң факультетінің студенттеріне магистратура және PhD докторантурасына түсуге мүмкіндіктер қарастырылған.

Бүгінгі таңда Заң факультетінің ең күрделі ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жақсы ғылыми әлеуеті бар. Факультетте бір ҚР ҰҒА академигі, 30-ға жуық докторлар мен профессорлар, 80-нен аса ғылым кандидаттары, доценттер, сонымен қатар ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі, ҚР Президенті Әкімшілігі, ҚР Жоғары Соты, Құқық қорғау органдары мен Ғылым академиясы қызметкерлерінен құралған жоғары тәжірибелі мамандар дәріс жүргізеді. Олардың басым көпшілігі шет тілдерін меңгерген, АҚШ, Еуропа, Түркия және өзге де мемлекеттерде тағылымдамадан өтіп келген.

Заң факультеті мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері бойынша республикалық және халықаралық конференциялардың, сондай-ақ Қазақстан студенттері арасында жыл сайынғы республикалық құқықтық олимпиаданың тұрақты ұйымдастырушы болып табылады.

Дұрыс шешім қабылдайтындағыңызға сенімдімін!

ҚазҰУ-дың Заң факультетіне түсіңіздер, өмір бойы табысты боласыздар!

Сіздерге тек сәттілік!



ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
З.Ғ.Д., профессор
БАЙДЕЛЬДИНОВ
ДӘУЛЕТ ЛАЙЫҚҰЛЫ



ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Заң факультеті негізі қаланған күннен бастап мемлекеттің кілтті секторларына біліктілігі жоғары, өз ісінің мамандарын даярлаудың негізгі базалық орны.

Факультет түлектері келесідей салаларда:

- ҚР Парламент палаталарында;
- ҚР Сот органдары жүйесінде;
- ҚР Конституциялық Кеңесінде;
- ҚР Үкіметі мен Министрліктерінде;
- ҚР құқық қорғау органдарында, атап айтқанда
ҚР Прокуратура және Ішкі Істер органдарында;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен мекемелерде;
- халықаралық аренада кәсіби мәртебесі жоғары заң
консультацияларын ұсынатын ұйымдарда қызмет атқара алады.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Мәми Қайрат Әбдіразақұлы
ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасы



Асанов Жакип Кажманович
ҚР Жоғары Сотының Төрағасы



Нурдаулетов Гизат Дауренбекович
ҚР Бас Прокуроры



Бекназаров Бектас Абдыханович
ҚР Парламент Сенаты Төрағасының Орынбасары



Тургумбаев Ерлан Заманбекұлы
Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрі



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Әртүрлі құқық саласында біліктілігі жоғары, кәсіби мамандарды даярлау барысында Факультет құқық және заң үздіксіз динамикаға ұшырайтындығын, жаңа заманның еңбек нарығының сұранысын ескере келе, Заң факультетінде жоғары білім алуан түрлі мамандықтар бойынша оқытылады.

Бакалавриат

6В042 – Құқық

- Құқықтану
- Корпоративтік құқық
- Мемлекеттік қызмет
- Қаржы құқығы
- Кеден ісі

6В123 - Қоғамдық қауіпсіздік

- Құқық қорғау қызметі

Магистратура

Бейіндік бағыт - 1 жылдық

7М042 Құқық

- Азаматтық іс жүргізу құқығы
- Мемлекеттік құқық және конституциялық құрылыс
- Мемлекеттік қызмет және кадрлық қамсыздандыру
- Интеллектуалдық құқық
- Сот-прокурорлық-тергеу қызметі
- Кеден ісі
- Спорттық құқығы

7М123 - Қоғамдық қауіпсіздік

- Құқық қорғау қызметі



Магистратура

Ғылыми-педагогикалық бағыт - 2 жылдық

7M042 – Құқық

- Құқықтану
- Құқықтану (Неміс және халықаралық коммерциялық құқық)
(Қос диплом бағдарламасы)
- Теңіз және энергетикалық құқық (Қос диплом бағдарламасы)
- Спорттық құқығы
- Азаматтық құқық
- Еңбек құқығы
- Мемлекеттік қызмет және әкімшілік қызмет
- Конституциялық және әкімшілік құқық
- Қаржы құқығы
- Кеден ісі
- Сот-прокурорлық-тергеу қызметі
- Криминалистикалық сараптама
- Компьютерлік технологиялар құралдарының сот сараптамасы
- Сот филологиялық сараптамасы
- Сот психологиялық сараптамасы
- Сот экономикалық сараптамасы
- Сот сараптамасы

7M123 - Қоғамдық қауіпсіздік

- Құқық қорғау қызметі

Докторантура (PhD)

8D042 - Құқық

- Құқықтану
- Кеден ісі



СТУДЕНТТІК ӨМІР

Факультет студенттің академиялық біліктілігін арттырумен қатар, оның қоғамдағы толыққанды қалыптасқан тұлға ретінде жетілуіне баса назар аударады. Оның дәлелі факультет қабырғасында жұмыс істейтін Заң Клиникасы, Студенттік Кеңес, Студенттер сенаты, «Сұңқар», «Көмек» ұйымдары және студенттік топтармен дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шаралар.



Республикалық «Криминалист-Эксперт» жарысы



«Let's brainstorm»
интеллектуалдық ойыны



Гала концерт



Үздік студенттер



ФАКУЛЬТЕТ ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР



Мектеп қабырғасын «Алтын белгімен» бітіргенімде менің алдымда үлкен таңдау тұрды. Ол — мамандық таңдау. Демек, сол мамандықты меңгеріп шығатын университетті таңдау. Көп толғанып, көп ойландым. Ойлана келе ҚазҰУ-ға жететін университет жоқ екеніне көзім жетті. Содан мен, Заң факультетіне түсіп, грант иегері атандым.

Қазіргі кезде факультет қабырғасында төрт кафедра жұмыс істейді. 3 жылдық білім алу барысында Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасында тереңдетіп білім ауды жөн көрдім. Дәрістер мен семинар сабақтары теория мен күнделікті кездесетін тәжірибелік мәселелерді үйлестіре отырып ұйымдастырылады.

Факультеттің студенттік өмірі жайлы айтатын сөз де аз емес. Осы факультеттің нағыз студенті ретінде оқу орнымның барынша дамуына өзіндік үлесімді қосу үшін Студенттік Декан қызметімен айналысып жүрмін. Бұл менің тек академиялық дамуыма және қоғамда өз орны бар тұлға ретінде қалыптасуыма өз септігін тигізеді деп ойлаймын.

Әр студенттің жадында қалар мәңгі естеліктер десек қателеспейміз.

*Рысбек Тұрысбек,
Студенттік Декан, 3 курс студенті*




Менің ойымша, Алматы Қазақстандағы ең жақсы және әдемі қала. Мұнда ең үздік жоғары оқу орындары мен тамаша табиғат бар. Оқуға түсер алдында мен әлемдегі ең үздік ЖОО-лар тізіміне кіретін барлық жоғары оқу орындарын мұқият оқып шықтым және ҚазҰУ — бұл менің таңдауым екенін түсіндім! Бұл жерде мен тек мықты білім мен құнды кәсіби қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар университеттік тәрбие алғанмын. Мұнда Мен өзімді үйдегідей сезінемін, барлығы сондай мейірімді және қонақжай адамдар. Мен өз таңдауыма өте ризамын!

Карахан Эсвет, Түркия, Заң факультеті



ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Венеция, Италия




Лондон, Англия



Париж, Франция



Висмар, Германия




Рим, Италия




Мельбурн, Австралия

МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Факультет жоғары білім беруге қажетті, заманауи және ыңғайлы материалдық-техникалық құралдармен жабдықталған. Факультет қабырғасында 200-ге жуық студент сыйымдылығы бар дәрістік аудиториялар және дөңгелек үстел, дебат, шағын топтар, презентациялау, рольдік ойындар түрінде семинар сабақтарын ұйымдастыруға ыңғайланып жасалынған аудиториялар бар. Сонымен бірге, онға жуық қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың атына берілген аудиториялар, тәжірибелік сабақтарды барынша шынайы өткізуге мүмкіндік беретін полигон мен сот мәжілісі залдары бар.



Сот мәжілісі және медиация оқу залы



ҚР ҰҒА академигі С.С.Сартаев атындағы аудитория



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Мемлекет және құқық теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы

- Ла Сапиенса Университеті (Италия, Рим);
- Киль Университеті (ГФР);
- М.Ю.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей, Мәскеу);
- Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті;
- Ташкент мемлекеттік заң институты (Өзбекстан, Ташкент);
- Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті (Қырғыз Республикасы, Бішкек).
- Лотарингия Университеті, Франция;
- Дидро Университеті, Франция;
- Сорбон университеті, Франция.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы

- Дубайдағы американдық Университет (БАӘ);
- Гукуров Университеті (Республика Түркия);
- Польша ғылым академиясының заң ғылымдары Институтының Адам құқықтары жөніндегі Познан орталығы (Польша Республикасы);
- Урал мемлекеттік заң академиясы (Ресей);
- Ресей ІІМ академиясы басқармасы (Ресей);
- Сібір федеративтік университеті (Ресей);
- О.Е. Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университеті (Ресей);
- Байкал экономика және заң университеті (Ресей);
- Самара заң институты (Самара, Ресей);
- Еуразиялық сот — медицинасы және ғылымы академиясы;
- Уфа сот сараптама орталығы (Уфа, Ресей).



Кеден ісі, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

- Берлиндік Еркін Университет (ГФР);
- Кил қаласы Университеті (ГФР);
- Адам құқықтарын қорғау мәселесін зерттейтін АБО институты (Финляндия);
- Малайзия Ұлттық Университеті (Кебангсан);
- Қырғыз республикасы Үкіметі қарамағындағы Қырғыз Заң Академиясы;
- Хельсинки Университеті (Финляндия);
- ҒЗИ, Новосібір, РФ;
- Поливерлиен университеті, Испания;
- Литц университеті, Франция;
- Аделаида университеті, Австралия;
- М.Ю.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей, Мәскеу).

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы

- Хельсинки Университеті (Финляндия);
- Висмар Университеті, Германия;
- Еуропа-Азиялық құқықтық конгресс;
- Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті.



БІЗДІҢ ӘРІПТЕСТЕР

